

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ветеринариялық көрсетілетін қызметтер саясаты және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 наурыздағы № 201 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2022 жылғы 12 қазанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ветеринариялық көрсетілетін қызметтер саясаты және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Ескерту. Нормативтік құқықтық
актіге қоса тіркелген
халықаралық Келісімнің мәтіні
ресми болып табылмайды.
ҚР халықаралық Келісімінің
жасасқан тілдердегі ресми
куәландырылған көшірмесін
ҚР халықаралық Келісімдерін
тіркеуге, есептеуге және
сақтауға жауапты ҚР Сыртқы
істер министрлігінен алуға
болады

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 14 наурыздағы
№ 201 қаулысымен
бекітілді

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ветеринариялық көрсетілетін қызметтер саясаты және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі өзара сауда үшін шектеулерді жою мақсатында жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер, ветеринариялық дәрілік заттар мен азық саудасын жеңілдетуге және адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың қажетті деңгейін ұстап тұруға және сонымен қатар халық денсаулығы үшін зиянды

жануарлардың жұқпалы аурулары мен жануарлардан алынатын өнімдердің таралуына жол бермеуге, сондай-ақ ветеринария және жануарлардан алынатын өнімнің қауіпсіздігі саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдердің, ветеринариялық дәрілік заттар мен азықтың (бұдан әрі "жүктер" деп аталады) импорты мен транзитін импорттаушы мемлекеттің ветеринариялық қауіпсіздік және жануарлардан алынатын өнім мен азықтың қауіпсіздігі туралы ережелеріне сәйкес белгіленген талаптар сақталған жағдайда ғана жүзеге асыруға болады, бұған экспорттаушы мемлекеттің құзыретті органы берген ветеринариялық сертификат және рұқсат арқылы кепілдік беріледі.

Тараптар жануарлардың импорты/экспорты мен олардың саулығына және жануарлардан алынатын өнімдерге қатысты талаптарды келісуі тиіс.

Тараптарға өз мемлекеттеріндегі жануарлар аурулары туралы ДЖСҰ-ға (Дүниежүзілік жануарлар саулығын қорғау ұйымы) мүмкіндігінше тезірек хабарлау және есептерді қадағалап тұру үшін жауаптылық жүктеледі.

Тараптар ветеринариялық сертификаттардың үлгілерін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес келіседі және жүктерді өзара жеткізуді жүзеге асыру үшін олармен алмасады.

Ветеринариялық сертификаттар қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде басылып шығарылуы тиіс.

Тараптар экспорттаушы мемлекеттегі зертханалар тізіміндегі аккредиттелген зертханаларда жүргізілген ветеринариялық-санитариялық сараптамалар туралы есептерді өздерінің құзыретті органдары мойындауға тиіс екенімен келіседі.

Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес импорт уақытында жүктерді бақылауды және жете тексеріп қарауды жүзеге асыру құқығын өзіне қалдырады.

2-бап

Тараптардың құзыретті органдары тауарлардың импорты мен транзитіне қойылатын талаптар туралы сұрату бойынша өзара хабарлауы тиіс.

Әкелу пунктінде немесе межелі пунктте жүктердің ветеринариялық сертификат талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда импорттаушы Тараптың құзыретті органы екінші Тараптың құзыретті органын хабардар етуі және импорттаушы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес зертханалық зерттеулер жүргізуі тиіс.

3-бап

Ветеринария саласындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында Тараптардың құзыретті органдары:

ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігіне қатысты заңнамалық актілермен және сарапшылардың жарияланымдарымен алмаса алады;

ағымдағы жылы тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мониторинг жоспарларымен алмаса алады;

жануарлардың саулығын қорғау және ветеринария саласындағы сараптамалық және ғылыми мекемелердің ынтымақтастығын, сондай-ақ өз мемлекеттерінің зертханалары арасындағы ынтымақтастықты жолға қол алады;

қажет болған жағдайда эксперименттік және диагностикалық мақсаттар үшін диагностика құралдарымен және әдістерімен және жануарлар аурулары қоздырғыштарының штамдарымен алмаса алады;

екі мемлекеттің ветеринариялық қызметтерінің ұйымдастырылуымен және қызметімен танысу мақсатында ветеринариялық сарапшылармен алмасуды қоса алғанда, ветеринариялық қызметтердің ынтымақтастығын көтермелей алады;

экспорттаушы кәсіпорындар және аумақтың эпизоотиялық саламаттылығы туралы ақпарат алмаса алады;

ветеринариялық дәрілік заттарды тіркеу саласында ақпарат пен тәжірибе және жарияланымдар алмаса алады.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің бірінің аумағында жануарлардың жұқпалы аурулары анықталған жағдайда екінші Тараптың құзыретті органы Тарап мемлекетінің ауру өршіген өңірінен немесе бүкіл аумағынан тиісті ауруға бейім жануарлар бар жүктерді әкелуге және транзиттеуге шектеу қоюы немесе тыйым салуы мүмкін.

Импортқа немесе транзитке шектеу қою немесе тыйым салу ауру таратуы мүмкін басқа жүктерге де осындай талаптармен қолданылуы мүмкін.

5-бап

Тараптар адамдар мен жануарлар ауруларының таралуын болғызбау мақсатында халықтың денсаулығы мен жануарлардың саулығы үшін туындайтын қауіп-қатерлерге қатысты деректер алмасуы мүмкін.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын кез келген даулар Тараптар арасындағы консультациялар немесе келіссөздер арқылы бейбіт шешілуі тиіс.

7-бап

Тараптардың осы Келісімді жүзеге асыруға жауапты құзыретті органдары:

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Түркия Республикасының Үкіметі атынан – Түркия Республикасының Ауыл және орман шаруашылығы министрлігі болып табылады.

8-бап

Тараптардың жазбаша келісуі бойынша осы Келісімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 11-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

9-бап

Осы Келісім Тараптардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісімді жүзеге асыру кезінде әрбір Тарап қаржылық шығындарды ұлттық заңнамада көзделген қаражат шегінде көтереді.

11-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы ағымдағы мерзім аяқталғанға дейін кемінде алты ай бұрын екінші Тарапты өзінің оның қолданылуын тоқтатуға ниеті туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, келесі бес жылдық кезеңдерге автоматты түрде ұзартылатын болады.

2022 жылғы 12 қазанда Астанада қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндер бірдей теңтүпнұсқалы болып табылады. Оларды түсіндіруде қандай да бір алшақтық болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің басым күші болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан*

*Түркия Республикасының Үкіметі
атынан*

